

Қандыағаш қаласының атауы жоқ құрамдас бөліктеріне атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 293 қаулысы және Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 263 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6, 31- баптарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12 - бабына, Қандыағаш қаласы халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 және 2023 жылғы 17 мамырдағы № 1 қорытындылары негізінде, Мұғалжар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қандыағаш қаласының келесідей атауы жоқ көшелеріне және саябақтарына атаулар берілсін:

- атауы жоқ көшеге - Балуан Шолақ көшесі;
- атауы жоқ көшеге - Сайым Балмұқанов көшесі;
- атауы жоқ көшеге - Әлихан Бөкейхан көшесі;
- атауы жоқ саябаққа - Мәңгілік Ел саябағы;
- атауы жоқ саябаққа - Анаға тағзым саябағы;
- атауы жоқ саябаққа - Бақытты бала саябағы;
- атауы жоқ саябаққа - Жауынгерлер саябағы;
- атауы жоқ саябаққа - Батырлар саябағы.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданы әкімінің осы сала бойынша жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімі
Мұғалжар аудандық
мәслихатының төрағасы

Д. Ж. Ермағанбетов

Б. Д. Кадралин